

Жәнтікей ауылындағы атауы жоқ көшелерге атау беру туралы

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Ырғызбай ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 13 ақпандағы № 3 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 12 наурызда № 3728 болып тіркелді

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Ырғызбай ауылдық округі әкімінің 14.12.2015 № 10 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабы 4 тармағын, Қазақстан Республикасындағы "Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 35 бабының 2 тармағын, Шығыс Қазақстан облыстық ономастикалық комиссияның 2014 жылғы 03 қыркүйегіндегі қорытындысын басшылыққа алып

ШЕШЕМІН:

1. Ырғызбай ауылдық округі Жәнтікей ауылындағы көшелерге төмендегі атаулар берілсін.

1. Бірінші көшеге – Тәуелсіздік көшесі
2. Екінші көшеге – Бияхмет Сәрсенов атындағы көшесі
3. Үшінші көшеге – Ынтымақ көшесі
4. Төртінші көшеге – Бейбітшілік көшесі
5. Бесінші көшеге – Қазақстан көшесі

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Ауылдық округ әкімі

А.Иманғалиева